

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№27 (454)
26 МАУСЫМ,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті баспасөз және байланыс торабының қызметкерлері! Сіздердің жаңалықтың жаршысы болып, аудан, облыс, республика, әлем тынысынан хабардар ететін жауапты да қиын қызметтеріңізге шығармашылық табыс тілеймін. Байланысымыз мықты, тұрақты болсын, ал журналист қауымның қаламына ілінетін дерек нақты, тартымды, әсерлі болсын. Заман талабына қарай өркендеп, өсе беріңіздер. Еңбектеріңіз жемісті, өмірлеріңіз келісті болсын!

Ж. НҰРКЕНОВ

АҚ ЖОЛ, ТҮЛЕКТЕР!

Аршалы кентінің орталық алаңында жылдағы дәстүрге айналған ігі шара – түлектерді үлкен өмірге шығарып салу салтанаты кеші өтті.

Қуаныш пен кимастық бойларына жиналды, балалық шақ балдәурен жаймен қолын бұлғады...

20 маусым, музыка шарықтаған әсем кешке Аршалы кентіндегі №1, №2, №3 орта мектептерінің түлектері түгелдей жиналды. Сонымен қатар аудан аумағындағы мектептердің «Алтын белгі» мен үздік аттестатты растаған және жүз балдан жоғарғы көрсеткішті алған түлектеріміз де шақырылды. Биылғы жылы түлектеріміз білім жағынан жақсы көрсеткішке қол жеткізіп, облыс бойынша аудандардың көшбасшысы қатарынан орын алды.

Міне, көптен күткен сәт! Әдемі



таразылаулары қажет. 2015 жылы көзге түскен үздік оқушылар мен ұстаздар марапатталды.

Айна Ермекқызы келесі түлектерге белсенділіктерімен сабақта үздік болғандары үшін алғыс хат, аттестат, сыйлықтар ұсынды.

И. Құтпанұлы атындағы мектептің түлегі - Р.Мукушева (117 бал жинады) Волгодон орта мектебінің түлегі - Е. Инсибаева (112 бал жинады) «Алтын белгі»

төс белгісіне ие болды. №2 АОМ түлегі А. Жакиенова – 113 бал алса, И. Құтпанұлы атындағы мектептің түлегі - С. Иманбеков – 111 бал, И. Құтпанұлы атындағы мектептің түлегі - М. Ералы – 110 бал алды. №1 АОМ түлегі - М. Рамазанов – 109 бал, И. Құтпанұлы атындағы мектептің түлегі - С. Серғалиева



киінген бозбалалар мен бойжеткендер алаңға тамаша безендірілген жолдармен, музыка ырғағымен келе жатыр, оларды аудан басшылары, ата-аналары, ата-әжелері, достары, туыстары күтуде.

Жылы сөз, құттықтау сөзін аудан әкімінің орынбасары А. Е. Мысырәлімова жиналғандарға арнады.

Құрметті қонақтар, ата-аналар, оқушылар мен оқытушылар, - деп бастаған ол сөзін қазіргі таңда әлемде тек қана білімді жастарға сенім артылып отырғанына, қай салаға болмасын білімді, білікті, тәрбиелі, ынталы мамандардың қажеттігін, олардың өзіндік шығармашылығының да маңыздылығына тоқталды. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Біз жаңа экономикалық талаппен өмір сүреміз, бұл жерде инновацияның маңызы зор болмақ» дегені ұрандай ұстанымымыз болуы керек. Қымбатты түлектер, сіздердің алдарыңызда үлкен жол. Сіздер мемлекеттің дамуына зор үлес қосатын толқынсыздар. Әрқайсысыңыздың да орныңыз маңызды. Тек қана алға білім жолына ақ жол.

Иә, Айна Ермекқызының айтуынша жастарға сенім артылып отырған кез туды. Білім алуға барлық жағдай жасалынып отырғанда жастар тек қана өздерінің икемдері мен қай салаға үлес қоса алатындықтарын

108 бал, № 2 АОМ түлегі - Д. Калиев - 108 бал, Қойгелді ОМ түлегі - Е. Сахай - 108 бал, И. Құтпанұлы атындағы мектептің түлегі М. Сембай - 105 бал, №3 АОМ түлегі - С. Сафарғали 104 бал, №2 АОМ түлегі - Т. Таласпаев 100 бал, Новоалександровка ОМ түлегі - Н. Иващенко 100 бал жинады.

Салтанатты кеште ата-аналар атынан А. Н. Рамазанов және С. Жанғабылов бадаларға жүрекжарды лебіздерін білдірді. Түлектер атынан Р. Мукушева, Е. Инсибаева және Н. Иващенкоға сөз берілді.

Мектеп вальсінде дөңгелене билеген жас толқынның өмірлері де осы сикырлы бидің ырғағымен әдемі өрілсе екен деген тілектермен көмкеріліп жатты.

Осылайша 2015 жылдың түлектері дәстүр бойынша Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоғын қойды. Содан кейін түлектер саябаққа барып, субұлғаққа бақыт үшін тиындарын лақтырып, жақсы тілек тіледі. Армандары орындалып, мынау дүниеде өздерінің орындарын тауып, кірпіші болып қаланысын.

М. АХМЕТҚЫЗЫ.

Суретте: аудандағы түлектер

кешінен үзілді.

Суретке түсірген:

В. ЦЫГАНОВ.

Жаңалық жаршысы

ҚАЛАМ МЕН ҚАҒАЗ, ӨРІЛГЕН АУДАН ТЫНЫСЫ

Жыл айналып, мінекей, журналисттердің де кәсіби мерекесі келіп жетті. Қай сала болмасын кәсіби мерекесі қарсаңында өткен жылына сараптама жасап, жақсысын арттырып, кемшілігінің орнын толтыруға талпынады. Біз де елдің игілігі үшін, қазақ елінің, қазақстандық жандардың мемлекеттік тілді меңгеру жолында жарық көріп отырған қазақ тілді газеттің ахуалынан сыр шертеміз. Аршалы ауданының «Аршалы айнасы» және «Вперед» аудандық газеттерінің оқырман үшін маңызы зор. Қай басылым болмасын өзінің оқырманы, ой қосар тілшісі, сараптамашысы болатыны белгілі. «Вперед» газетінің жарық көріп келе жатқанына биылғы жылы 80 жыл толған екен. Әрине, бұл сексен жылдың ішінде қаншама еңбек, шыдамдылық, қайсарлық, төзім болғанын айтып жеткізу қиын. «Вперед» газетінің редакторы Александр Дмитриевич Цыганов Аршалы аудандық «Вперед» газетінде 1980 жылы университеттің журналист факультетін аяқтағаннан бері қызмет етуде. Өзінің

және «Семья» ауданның экономикалық дамуын, салауатты өмір салтын және басқа да мәселелерді көтереді. Сонымен қатар спорттық тақырыпты тұшымды ашады. Ван Елена Павловна өзінің бүткіл еңбек жолын аудандық «Вперед» газетімен тығыз байланыстырды. 1979 жылы қыркүйек айында Орталық орта мектепті бітірген жас қыз редакция ұжымына тез сіңісіп кеткен екен. Бастапқыда радиоұйымдастырушы болып бастап, аға тілші, хаттар бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Ал 1990 жылдан бастап - редакцияның жауапты хатшысы. Редакция секретариаты - бұл ақпараттың барлығының келіп түсетін орталығы. Ақпараттардың қажеттісін жылдам реттеп, оқырманға қызықты етіп бере білуде Елена Павловнаның шеберлігін қажет ететін міндеті. Бұл жұмысты өте тиянақты орындауда. Ұжымда құрметке ие. Дубинин Максим компьютердің қырсырын мықты меңгерген жан. 2007 жылдың қаңтар айынан бастап ұжымда белсенді қызмет атқарып келеді, газет



газетке материал жіберуден қалды. Бұл басты кемшілігіміз. Ал газет бетінде біздің балаларымыздың жетістіктері жарияланып, аудандағы басқа да жетіп жатқан жеңіс нәтижелерін көргенде Астана түбіндегі біздің ауданның абыройы асқақтап келе жатыр екен деп қуана хабарласып жататындарға риза боламын. Құрметті ауылдастар! Сізді ауылдағы жақсы жаңалықтармен де, кемшілікке толы жайттардан да хабардар ететін газетпен бірге болуларыңызды өтінемін. Біздің редакцияның жұмысы өте жауапты, қызығы да шығығы да мол. Сонымен қатар бұл жерде жас мамандарға тәлімгер болып, үлкен жолға тәжірибелі маман етіп шығарып жатқан да жайымыз бар. «Аршалыайнасы» газетінің бетқаттаушысы және суретке түсіруші қызметінде бес жыл жұмысты жақсы атқарған Антонов Максим Александрович қазіргі таңда Алматы қаласында ... қызмет атқарып жатыр. Аршалы ауданының редакциясында



еңбек жолын әдеби қызметкер ретінде бастаған. Өзінің бастамашыл, жинақы, шығармашылық кәсібилігімен көзге түскен. Міне осы мінезіндегі ерекшеліктері 28 жыл бойы «Вперед» аудандық газетінің басылымында болуына ықпал етті. Біздің ел мемлекет болып қалыптасу кезеңінде аудандық газет те талай экономикалық қиындыққа тап болып, Александр Дмитриевичтің басшылығымен басылым жарыққа шығып отырды. Аптасына үш рет шығатын газеттің бір де бір санын жоғалтпай қиындыққа төтеп бере білді. Александр Дмитриевич сол бір сындарлы

беттерін қаттау жауапты, қиын жұмыс, міне сол жұмысты тиянақты орындап, оқырманға көрнекті етіп жеткізудің шебері. Березина Юлия есепшілік қызметте, ал шығармашылығының арқасында ұжымдағы мерекелік шаралардың ұйытқысы. Самков Роман, Бельх Виктория, Цыганов Виталий және жүргізуші Виктор Марченко ұжымды толықтырып, қазіргі таңда жұмыла жұмыс жасап жатырмыз. Иә, өкінішті тұсы оқырман аз. Бәлкім кеңес заманындағыдай газет-журналдардың қадірі жоғары болмай тұрғандықтан да болар, қазіргі таңда



жылдарда ұжымды толық сақтай білді, сонымен қатар облыстық журналисттер ұжымдарының арасында көшбасшылықты да жоғалтпады. Оған облыстық, республикалық байқаулардағы жеңістері куә. Қазіргі таңда А. Д. Цыгановтың бастамашылығының арқасында талапқа сай газет офсеттік түрде шығарылады. 2007 жылдан бастап «Аршалы айнасы» мемлекеттік тілдегі газеттің жарық көруіне ықпал етіп, қолдау жасап отыр.

Кеңсе Павел Эрвинович 2012 жылы журналисттердің облыстық байқауына қатысып, «Сапалы білім-жарқын болашақтың кепілі» номинациясы бойынша лауреат атанды. 2013 жылы БАҚ - да мемлекеттік тілді насихаттау бойынша республикалық байқауында лауреат атанды. «Вперед» газетінің беттерінде екі тақырыптық айдарды алып келеді, біреуі «Родники» (экологиялық мәселелер)

ғаламтор мен көптеген каналдарды қамтитын телевизордың күші басым түсіп жатқандығы анық. Қалай дегенмен аудандық басылымды жазып алып, оқымайтын ауылдастарыма ренішім бар сияқты. Бәлкім газет беттерінде сіз іздеген мақала болмай жатқан шығар, ондай кезде сын айтылып жатса, ұсыныстар келіп түсіп жатса риза боламыз. Аршалы ауданының 12 ауылдық, селолық округтері және Аршалы кентінің жаңалықтары толастамай редакцияға келіп жатса, апта сайын шығатын төрт беттік газет бетіне жариялау да мүмкін болмас еді. Елдің жұмыс барысын, тіршілік тынысы, арыз - мұңы жарияланып, кемшіліктер түзеліп жатқанын да газет бетінен оқып отырсаңыздар сіздер үшін газет ақылшы, сырлас, газет кеңесші, танымдық дүние болар еді ғой. Алайда, екі-үш округтер болмаса көптеген округтер аудандық



алған дәрістері оның үлкен қалада жұмыс жасауына жолдама болды. Түрлі-түсті журналды жинақтап, беттерін қаттап, өзіндік нәр беріп отырған Максимнің ісіне табыс тілеймін. Біздің редакцияның бір тамаша ұстанымы бірге жұмыс атқарған жанды шеттетпей, араласып, құрметті зейнеткерлікке шықса да ұжымдағы барлық шараға қатыстырып, ұжымдық татулық пен бірлікті дәріптеп келе жатыр. Ендеше, ұжымды сонымен қатар бала тәрбиесімен отырған әріптесім Қасқатай Әйгерімді, газетке өзінің материалдарын жіберіп, ойларымен бөлісіп келе жатқан оқырмандарымды журналисттердің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Аудан тынысы, әлем жаңалықтарын білу үшін асыға аудандық



газетке жазылып жатқан жерлеріміздің саны мол болсын. Біздің қаламымыз үшкір, ойымыз үшкір, жазарымыз маңызды, айтарымыз тартымды болсын.

М. АЖЫҚАНОВА,

редактор.

Суретте: «Аршалы-инфо» ЖШС ұжымы.

Суретке түсірген Р. САМКОВ.

■ Сіздің назарыңызға

САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ 2015 жылғы 14 шілдеде сағат 11.00-де www.gosreestr.kz аудандық коммуналдық мүлік объектілерін сату бойынша электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық мүлік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес жүзеге асырылады. Жалғыз қатысушыға жекешелендіру объектісін сатуға жол беріледі.

Сауда-саттықтың голландық әдісі бойынша электрондық аукционға аудандық коммуналдық мүліктің мынадай объектілері қойылады:

1. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Астана көшесі, 17-Б мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 509,3 шаршы метр оқу-өндірістік кешені ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 6712142 теңге, бастапқы құны – 33560710 теңге, ең төменгі баға – 1951546 теңге. Кепілдік жарна 1006821 теңге.

2. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Красное озеро селосы, Мектеп көшесі, 9 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 360,5 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 2273902 теңге, бастапқы құны – 11369510 теңге, ең төменгі баға – 661134 теңге. Кепілдік жарна 341085 теңге.

3. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Донецкое селосы, Әуезов көшесі, 27 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 1153,9 шаршы метр балабақшаның ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 7998057 теңге, бастапқы құны – 39990285 теңге, ең төменгі баға – 2325425 теңге. Кепілдік жарна 1199709 теңге.

4. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Родник селосы, Родников көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 644,1 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 4963048 теңге, бастапқы құны – 24815240 теңге, ең төменгі баға – 1443000 теңге. Кепілдік жарна 744457 теңге.

5. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Бірсуат селосы мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 416,2 шаршы метр негізгі мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 3176203 теңге, бастапқы құны – 15881015 теңге, ең төменгі баға – 923477 теңге. Кепілдік жарна 476430 теңге.

6. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Ақжар ауылы мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 126,4 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 2117860 теңге, бастапқы құны – 10589300 теңге, ең төменгі баға – 615765 теңге. Кепілдік жарна 317679 теңге.

7. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Түрген ауылы, Жеңіс көшесі, 26 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 876,5 шаршы метр интернаттың ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 5483213 теңге, бастапқы құны – 27416065 теңге, ең төменгі баға – 1594237 теңге. Кепілдік жарна 822482 теңге.

8. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Белоярка селосы, Доман көшесі, 28/1 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 372,9 шаршы метр балабақшаның ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 3906138 теңге, бастапқы құны – 19530690 теңге, ең төменгі баға – 1135704 теңге. Кепілдік жарна 585920 теңге.

9. 2005 жылы шыққан, м/н С148ЗВ, ВАЗ 21060 автомобилі.

«Аршалы кенті әкімі аппараты» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 77700 теңге, бастапқы құны – 388500 теңге, ең төменгі баға – 12006 теңге. Кепілдік жарна 11655 теңге.

10. 1999 жылы шыққан, м/н С054РК, ГАЗ 3110 автомобилі. «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ теңгерімінде. Алғашқы құны 135100 теңге, бастапқы құны – 675500 теңге, ең төменгі баға – 20875 теңге. Кепілдік жарна 20265 теңге.

Электрондық аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, www.gosreestr.kz

мемлекеттік мүлік тізілім веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландырушы орталық берген ЭЦҚ-ның жарамдылығы мерзімін көрсете отырып, Тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді. Электрондық аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық аукционға

қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет. Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электрондық аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілдік жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілдік жарнаны енгізген жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

Кепілдік жарна мына есепшотына төленеді: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, ЖСК КЗ529261501102032004, БСК КЗКОКЗКХ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, Кбө 16, КНП 171.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілім дерек қорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Қатысушының осы Қағидада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ Сатушының шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушының аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталында қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау туралы электрондық хабарлама

не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілім веб-порталында берілетін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Голландық әдіс бойынша:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы Қағидада белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голландық әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша электрондық аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Электрондық аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Төшенов көшесі, 47 мекен-жайы бойынша жеңімпазбен сатып алу-сату шартына электрондық аукцион өткізу күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстыру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың, заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ, заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукцион өткізу туралы ақпаратты 8 (71644) 21928 телефондары арқылы және басқарманың www.gosreestr.kz ресми сайтынан білуге болады.

Тұманға орап тілекті

1941 жылдың маусым айы. 22-ші желтоқызы. Тұтқиылдан төніп келген жаудың бетін қайтарамыз деп қаншама қазақстандықтар да басын ажалға тосты. Бес жылға созылған сұрапыл соғыс қаниама жанның өмірін қиды, қаниама жүректерді жаралады, қаниама бала жетім, әйел жесір қалып, аспан асты, жер үсті қан жасылаған жандардың жан төзбестей аянышты дауысы мен дамылсыз күйбең тірлігінің күзсі болып жатты. Сұрапыл соғыс біткеніне де міне 70 жыл болды. Жетпіс жыл болса да жүрекке тұскен жара әлі де жазылмаған жандар қаниама. 70-тің үстіне шыққан әрбір қарттың есінде қалған сол бір соғыстың қасіретті кездері ешқашан да ұмытылмақ емес. Қалыма Мұхтар Шахановтың мына өлеңі түсті.



ҒАЙША ЖЕҢГЕЙ

Ғайша жеңгей сүйген жарын аттандырды майданға...

Сенген жүрек серттен онай тайған ба?

Соғыс бітті. Ал күйеуі келмеді.

Үш жыл күтті... Бес жыл күтті...

Өлді деген суық сөзге сенбеді.

Тұманға орап тілекті

Тағы төрт-бес жыл өтті.

Тәтті арманын көңіліне тоқ санап,

Күте берді сағат санап, сәт санап.

Кейде аусар тағдырына нала боп

Көкірегінде маздап, ұйытқып жа-нады от.

Тым құрыса, тым құрыса құдай-ай,

Алданыш қып отыратын бала жоқ.

Артса да үміт бір күннен соң бір күнге,

Жалғыз жанға жараспайды күлкің де.

Болмады соң.

Болмаған соң ақыры,

Көрші картқа ерге шықты бір түнде.

Сол тұн тыныш ұйықтады

Жана үмітін жағып бір,

Кеудесіне қанағаттан тағып гүл...

Ал танертен арман болған күйеуі

Терезені қағып тұр.

Ғайша сорлы күйіп кетті бұл

қорлықты көргенде,

Тастай қатып қалды тілсіз, естен

тана үдеріп,

Содан кейін шашын жайып

жіберіп,

Күйеуінің аяғына құлады.

Құлап жатып ағыл-тегіл жылады,

Жылап жатып зарлады,

Өзін-өзі жерге соғып қарғады.

...Махаббаттың құм секілді мінезі

жоқ сырғыма,

Жүргенімен көп опық жеп алда-нып...

Ғайша кенет орнынан сүйретіліп

тұрды да,

Бір ғана ойға табан тіреп түбірлі,

Ту еңісте тасып жатқан долданып

Асау Ақсу өзеніне жан ұшыра

жүгірді...

Бағаласаң, махаббатты бағала,

Бағаласаң, махаббатты бағала...

Сәлден кейін сорлының

Орамалы ғана жатты жағада.

Парыз

НАМАЗДЫ БАСТАУДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН 14 КЕҢЕС

Намаз – кәлимадан кейін парыз болған ұлы ғибадат. Сондықтан да, Алласын танып, иман келтірген әрбір пенденің жүрегінде намазға деген құлшыныс бар. Құлшыныспен бірге күдікті ойлар қатар жүреді. Бұл сөзсіз – діннің емес, жынның ісі. Сіздің сананыңызды жаулаған көптеген күдіктерді сөйліту мақсатында намаз бастауды жеңілдететін аз-кем кеңестерімізді ұсынабыз.

1. «Бес намаздың сөздері мен әрекеттерін жаттау қиын»

Көпшілік адам «Бес уақыт намаз әр түрлі оқылады, оны бастау үшін бес уақыт намазды жаттауың керек» деп ойлайды. Бұл ойдың нәтижесінде намаз бастау өте қиын деген тұжырым шыға келеді. Жоқ, тіпті олай емес. Негізі 2 бас яғни 2 ракат намазды оқуды үйренгенін – бес уақыт намазды үйрендім деген сөз. Себебі, бес уақыт намаз да сол 2 ракат үшін жаттаған сүрелер мен дұғалар қайталанатын. Қалған намаздардың тек аты мен ракат санында ғана айырмашылық бар.

2. «Намазды уақытында оқымаудан қорқамын»

Намаз бастағалы жүрген әрбір адамның ойында намазды уақытында оқи алмауға деген қорқыныш бар. Біз мұны жауапкершіліктен деп сезінеміз. Алайда, біліңіз, бәрі де сіз ойлағанның басқаша. Мәселен намаз уақыттарына көз жүгірткізіші:

1. Таң намазы: таң ағарып атқан уақыттан бастап, күн шыққанға дейін (шамамен бір жарым сағат уақытыңыз бар);

2. Бесін намазы: күн төбеден ауған уақыттан бастап әр заттың көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейін (шамамен үш сағаттан аса уақытыңыз бар)

3. Екінгі намаз: әр заттың көлеңкесі екі есе болғаннан бастап күн батқанға дейін (шамамен бір сағаттан астам уақытыңыз бар);

4. Ақшам намазы: күн батқаннан бастап (күнбатыстағы) қызыл шапақ кеткенге дейін (жарты сағат ішінде оқып үлгеру ләзім);

5. Құттан намазы: қызыл шапақ кеткеннен бастап таң атқанға дейін.

Намазды алғашқы кірген уақытында оқу – Алла Тағалаға ең ұнамды абзал іс. Ал дәл уақытында ыңғайы келмесе, уақыты шықпай тұрып үлгерсе болғаны. Алайда мұны әдетке айналдырмаған жөн.

3. «Намаз оқуға дайын емеспін, өзі уақыты келеді»

Намазды ешкім ешуақытта толық дайын болып барып бастамаған. Бұл лағынеті шайтанның адамды өзіне пайдалы іске жақындатпау үшін салатын арамза ойы. Әйтпесе, адамға намаз бастап кету үшін оның парыз екендігі жайлы аз ғана ақпаратты болуы жеткілікті. Адам өзіне нақты ақшалай табыс әкелетін істі көріп-біле тұра, ешуақытта «уақыты келеді» деп айтпайды. Ұмтылады, жарысады, өзгенден бұрын жасап қалуға тырысады. Ал намаз – екі дүниенің жақсылығының барлығын бойына камтыған, қысқа ғана жеңіл амал.

4. «Намазды бастасам, тастап кетемін бе деп қорқамын».

«Намаз бастасам ба деп жүрмін» деген ойыңыз пайда болғаннан-ақ: «Әй қаза етіп қойсаң қайтесің? Намазды өйтіп қорлағанша оқымай-ақ қойғаның дұрыс, тастап кетсең күнәсі ауыр. Бей намаздан кей намаз жаман деген» деп жынның шайтандары азғырса, екінші шетінен жанапшыр-мыс болып жүрген достар дүрліктерді. Біреу тек бестікпен оқитын бастауыштағы баласына: «Кейін жоғарғы сыныпқа барғанда бәрібір нашар оқисың, «үштік», «екілік» аласың, қазірден бастап оқымай-ақ қой» деп айта ала ма?! Болашақты ешкім білмейді. Намазды тастамаймын деп ынтамен оқыған адам ешуақытта тастамайды, тастап кете алмайды. Оның мысалы – шешініп алып, суға түсуге жүрексініп, бата алмай тұрған адам секілді. Өзін жеңіп, күмп етіп ішіне түскеннен кейін біраздан соң бой үйреткені соншалықты сыртқа шыққысы келмейтіні бар емес пе?! Жан дүниесі сергіп, рахатқа бөленбей ме?! Намаз мұндай сезімді жүз есе артығымен сыйлайды. Күмәнің болмасын. Сізге айтар өсиетіміз:

«Соқырға бал ұсынсаң итереді Дәмін татып көрген жоқ қайтер енді Келген балдан бір қасық жеген бола-са».

Төрт аяқтап өзі іздеп кетер еді».

5. «Намазды қаза қылудан қорқамын».

Анда-санда бір намаздың қаза етіп алған адаммен, мүлде оқымай, мызданған намаздың қаза етіп жүрген адам Алла алдында тең болуы мүмкін емес. Оның үстіне Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларымен сапарда жүргенде намазға азан айтып оятатын Біләл (оған Алла разы болсын) ұйықтап қалып, кейін таң намазының қазасын қалай өтегендігі жайлы оқиға хадистен жеткен. Сондықтан бұл

жағдайдың да шешімі бар. Намаз деген Жәннаттың ұлы кітін қолына ұстаған адам өзі мәңгілікке Жәннаттан құылған шайтанның қызғанышын туғызбай қоймайды. Енді біреу сізге осылай айта қалса, мұны тек шайтанның салған шатпағы деп түсініңіз. Сол себептен кеше дәрет алуға дайын қраннан ағып тұрған жылы суы, не түзге шығатын қолайлы дәретханасы жоқ уақытта да «Бес уақытта бес намаз, біреуі қаза қалмаса» деп бір намазын қаза етпеуге тырысқан Бұхар бабамыздың бүгінгі ұрпақтары бар жағдайы жасалған қоғамда өмір сүріп, ең болмаса жұмаға басын сұкса екен деп жүргеніміз ұят-ақ.

6. «Намаздың сөздерін жаттау қиын, әріптерді дұрыс айта алмаймын ба деп қорқамын».

Алғашқы уақытта қағазға карауға, үлкен әріптерді тіпті плакатқа жазып, қабырғаға іліп қойып оқуға болады. Намаз сөздері жазылған кітапты мешіт алдындағы дүкендерден 100-200 теңгеге алуға болады. Керек десеңіз, құлаққап киіп оқуға мүмкіндік беретін электронды жайнамаздарды қолжетімді бағада сатып ала аласыз. Немесе намаз-хан танысыңызға ұйып оқып үйреніңіз. Сондай-ақ, мешіттегі жамағат намазына қатысып үйреніп кетуге болады. Себебі мешіт пен жамағаттан шайтан барынша алыс болады.

7. «Намазды бастайын десем жұмыста оқуға мүмкіндік жоқ, жұмыс орным таза емес»

Шарият бұйырған бұл амалды орындау өте жеңіл. Адамды жаратқан Алла құлының жай-күйін, хал-ахуалын оның өзінен артық жақсы біледі. Соған сәйкес құлшылықтарды да жеңілдетіп, ақылға сыйымды ретпен оңайластырған. Мысалы дәрет алуға мүмкіндік жоқ кезде (ауру, сапар, күннің суықтығы т.б.) «тәяммум» (топырақпен немесе шаңмен білегіңізді, бетіңізді сипайсыз) алуға рұқсат етіледі. Намазды тұрып оқи алмаған адамға отырып оқу, орнынан қозғала алмайтын адам үшін жатып оқу рұқсат етілген. Намаз – ұлы амал, сондықтан, тазалықты талап ететіні хақ. Дейтұрғанмен, жердің не киімнің кір, шаң-топырақ болуы намазға кедергі болмайды. Киім мен орында нәжіс болмауы керек. Әрі Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) тек қабір мен мошадан басқа барлық жерде құлшылық жасауға рұқсат берген.

8. «Намаз оқуға ерінімен, әсіресе, таң намазына тұру қиын».

Ең бастысы ынта және оқимын деген шынайы ниет болу керек. Керісінше адам бойындағы еріншектік пен жалқаулықты жеңетін бірден-бір амал – намаз.

Таң намазына уақытылы тұру үшін күнделікті жататын уақыттан аздап ертерек ұйықтау қажет. Жатар алдын тамаққа тойып алмаған жөн. Дәретпен жатқаныңыз тән, жан саулығына пайдалы. Төсекке жатарда Аллаға дұға жасаңыз. Сабаққа немесе жұмысқа оятып жүрген оятарды (будильник) пайдаланыңыз. Тіптен болмаса, намаз оқитын жолдасыңызға оят деп өтіңсеңіз, қуана-қуана көмекке келер еді.

9. «Намаз оқу уақытымды алатын секілді...»

Намаз уақытты еш ысырап етпейді. Керісінше намаз күнделікті қым-қуыт тіршілік, алыс-беріс, барыс-келіс, оқу, жұмыс секілді мазасыздықтан адамды азат етеді. Сөйтіп, жанын тыныштыққа кенелтіп, жүрегіне сабыр тапқызады. Бүткіл дене мүшелерін демалдырып, қан айналымын қалыпқа түсіреді. Әрі әрбір күнін бес уақытқа бөлінгендіктен керісінше уақытыңызды үнемді пайдаланасыз. Белгілі бір жағдаймен намаз оқымай қалған адамдар «бұрын намазсыз қалай өмір сүргенімді түсінбеймін» деп жататындығы да осыдан болар... Әрбір екі ракат намаз үшін адамның бес минут қана уақыты кетеді. Бұл бес минутты қарапайым күндері әлеуметтік желдерге, бос әңгімеге жұмсап жүрміз ғой?!

10. «Дәрет алуды қиынсынамын».

Дәрет алуға мүмкіндік жоқ кезде (ауру, сапар, күннің суықтығы т.б.) «тәяммум» (топырақпен немесе шаңмен білегіңізді, бетіңізді сипайсыз) алуға рұқсат етіледі. Ұйқыдан тұрып, дәрет қыспаса немесе дәретті жел шығарып, бұзып қойған жағдайда дәретханаға бару шарт емес. Бірден сумен қол-аяғын жуып дәрет ала береді. Дәретханада (үлкен не кіші дәрет сындырғанда) суық тиіп ауырып қалудан қорықса, су орнына қағаз не топырақ пайдалануға болады.

11. «Намазды дұрыс оқымасам не істеймін? Қате оқып қойсам күнә болады ма?»

Қазаққа «көш жүре түзеледі» деген әдемі бір сөз бар. Үйрену кезінде жіберген қателіктер, шатасулар Алла тарапынан кешіріледі. Мейірімді ана баласының кез-келген қателігіне кең жүреппен, түсіністікпен қарамай ма?! Ал анамыздың мейірімі миллион есе артық Жаратушымыз Өзінің бұйрығын орындау жолындағы қателігімізді

кешіретіндігіне күмәніміз жоқ болуы керек. Сахих хадистердің бірінде Құранды қиналып оқыған адамның екі есе сауапқа кенелетіндігі сүйіншіленген.

12. «Намаз оқын десем ата-анам қарсы»

